

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 305 – 310

HISTORICAL TRUTH IN THE PLOT OF THE NOVEL (based on the novel by Chingiz Aitmatov "Day lasts more than a hundred")

A. Shamakhova

Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: world, classical literature, heritage, cultural values, Treasury.

Abstract. The legacy of classical literature of the peoples of the world is a treasure trove of spiritual values of national and universal culture. Artistic works are read by thousands and millions of readers. For centuries, these works are read and remain in the memory of generations. There is no doubt that they affect the development of the spiritual values, aesthetically influenced on the perception of reality and the truth of life.

РОМАН АРҚАУЫНДАҒЫ ТАРИХИ КЕЗЕҢ ШЫНДЫҒЫ (ШЫҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ «ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ КҮН» РОМАНЫ БОЙЫНША)

A. Шамахова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: әлем, классикалық әдебиет, мұра, рухани құндылық, қазына.

Аннотация. Әлем халықтарының классикалық әдебиеттері мұралары – ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар қазынасы. Мыңдаған, миллиондаған оқырмандардың қабылдау ықыласына ие болған көркем шығармалар – ұрпақтардың мәңгілік рухани азығы. Әлем өркениеті кеңістігіндегі көп ғасырлар бойы барлық кезеңдер оқырмандарының ыстық ықыласымен ұмытылмай сақталып, жалпыадамзаттық рухани құндылықтар құрамында мәңгілік ұлағатымен келе жатқан көрнекті көркем шығармалар арқылы олардың арқауына алынған тарихи кезеңдер шындығы романтизм мен реализм көркемдік әдістер аясында сөз өнерінің эстетикалық тағылымын дәлелдеуде.

Адамзат өркениеті кеңістігінде ХХ ғасырдың 50-80-жылдары өзінің көрнекті көркем туындыларымен (повестері: «Жәмила» 1958, «Қош бол, Гүлсары» 1967, «Ерте қайтқан тырналар» 1975, «Алғашқы ұстаз» 1962, «Ақ кеме» 1970, «Құс жолы», «Ана- Жер ана» 1963) мыңдаған, миллиондаған оқырмандарының өзіндік туындыларына деген оқырмандарының ықыласын күрт, қауырт аударған қаламгер Шыңғыс Төрөқұлұлы Айтматов «Боранды бекет» (1980), «Жан пиди» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995) романдарының көркемдік даралығымен танымал болды. Әлемге танымал жазушының драматургиялық шығармалары («Шынарым менің, шырайлым менің», «Боранды бекет», қазақ қаламгерлері Қалтай Мұхамеджановпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесу», Мұхтар Шахановпен бірігіп жазған «Сократты еске алу түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» пьесалары да театр сахналарында қойылып келеді. Ақын Мұхтар Шахановпен бірігіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» (1997) атты эссесі де көркемдік тағылымымен оқырмандар жүректерінен орын алды.

Көрнекті жазушы, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты Берік Шаханов Ш.Т. Айтматов шығармашылығының романтикалық-реалистік болмысына шынайы баға береді: «Айтматов қаламынан туған әрбір шығарма адамзаттық көкейкесті мәселелерді қозғауымен, сыршылдығымен, шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. ...Адамзаттың Айтматовы аталып кеткен,

заманамыздың заңғар жазушысының кейінгі «Жан пид» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995) романдары философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Өмірдің сан қатпар сыры мен қырына үңілген, соның болмысын ашып көрсетуге бой ұрған зерделі зерттеу пайымдауымен тың, тосын көркемдік кестесімен қызықтырады. Оқырман назарын адамгершілік мінез-құлықтың толғақты мәселелеріне аударады» [1, 148-б].

Ұлттық және жалпыадамзаттық даму қозғалысы тарихи кезеңдер желісіндегі даралықтарымен де, сонымен бірге ортақ тағдырластық сипатымен де ерекшеленеді. Планетамыздың ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі бұған дейінгі мыңжылдықтар белестеріндегі тарихи дамуы кезеңдерінде эралуан оқиғалар белең алғаны – ұрпақтарға мәлім. Ал, ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап әлем өркениеті кеңістігіндегі ғылыми шығармашылық ойлау кеңістігінде ғарыштық кеңістікті игеруге арналған зерттеулерде, талпыныстарда тың жаңалықтар ашылып, жердегі адамдардың басқа Күн жүйесі галактикасындағы планеталармен (жұлдыздармен, Жер серігі Аймен, т.б.) аспан денелерімен байланыстар орнатуға құштарлық оянды. Ғылыми-фантастикалық көркем шығармалар, ғылыми-танымдық еңбектер (Ақжан Машанов «Ай арысы» (1996), «Космос және космология» (1999), Абдулхамит Мархабаев «Ғарыштағы қымыз», «Тосын ғарыш хат» (1972) повестері, Жүніс Сахиев «Көктен келген көшпенділер» (1988) романы, Раушанбек Бектібаев «Ионоферадағы алаң» (1988) повесі, т.б.) да қазақ әдебиетінде жазыла бастады. Әлем әдебиетінің классикалық мұраларында (Жюль Верн, А. Беляев, Дж Свифт, т.б.) біршама қамтылған жер мен Ғарыштық кеңістік байланыстары мәселесі уақыт өте келе тұрақты әдеби үрдіске айналды.

Тарихи кезең шындығы – классикалық әдеби шығармалардың көркемдік негізі. Тарихи кезеңде адамзат қауымына ортақ ғылыми техникалық прогресс жаңалықтары жас балалардан бастап ересектерге дейін көңілдерін баурайды. Арманшыл адамдардың қиялдарына қанат бітіреді. Жер бетіндегі тіршіліктің қайнаған қалың ортасындағы қақтығыстар, қайшылықтар құрсауында жүрген арманшыл адамдардың ғарышқа қалықтай көтеріліп, беймәлім, жұмбақ, бір тіршілік ортасына барғысы келетіні де ақиқат. Сондықтан, ойшыл, сыршыл шығармалар жазған суреткер қаламгерлер адамдардың біздің планетамыздан да тыс тағы бір ғалам кеңістігі бар екенін болжалдайды. Көркемдік қиял аясында Жер мен басқа планеталар арасындағы байланыстар болу мүмкіндігін көркем шындық поэтикасымен бейнелеуге талпынады.

Әлем әдебиетіндегі шығармаларында үнемі назарға алынып келген осындай өзекті мәселені суреткер Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» [2] романының композициясынан орын алған жаңашыл сипатынан аңғарамыз. ХХ ғасырдың 50-80-жылдары әлемдегі екі алып держава КСРО мен АҚШ ғарыштық кеңістікті игеруге құлшына, жанталаса кірісті. Әрине, материалдық және рухани мәдениет, экологиялық даму жетістіктері салаларындағы жоғары нәтижелері орасан көлемдегі бұл екі мемлекет те осы тарихи кезеңде планетадағы ықпал етушілер тұғырында танылды. 50-60-жылдары «қырғи-қабак соғыс» жағдайында өмір сүрген екі державаның әскери әлеуеттері де күшейіп, өзара бәсекелес жағдайда болуы да талай рет кенеттен басталып кетуі мүмкін үшінші дүниежүзілік соғыс қатерін де сездірді. Социалистік және капиталистік жүйелерге бөлініп алған, екі үлкен державаның ықпалында болған әлем мемлекеттерінің халықтары араларында бірін-бірі жатсыну, өшпенділік сезімдері де орын алып жатты. Әрине, ХХ ғасырдың осы аталған тарихи кезеңінде Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылып, КСРО-ның ықпалындағы Варшава шарты және АҚШ ықпалындағы НАТО әскери одақтары араларындағы өршіп кетуі мүмкін қырғи-қабак соғыс қаупін сейілтуге ықпал жасап отырды. Әсіресе, атом ядролық және бактериологиялық соғыс қаупін тоқтату әрекеттері басты назарда болды. Аталған тарихи кезеңнің басты ерекшелігі – ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің үздіксіз дамуы.

Мемлекеттердің Жер планетасының табиғи ресурстарын тиімді пайдалана игеруі жедел қарқынмен өркендеді. Ғарыштық зерттеулер де үздіксіз жүргізіліп, Күн жүйесі галактикасында аспан денелерін адамзат игілігіне айналдыру мәселесі де зерттеле бастады. Суреткер Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романының композициясында эпикалық шығарманың идеялық-көркемдік желісін құрайтын жарыспалы өрілген бірнеше сюжеттік бөліктерде Жер және ғарыштағы беймәлім галактикадағы Ормантөс планеталары арасындағы байланыс мәселесі қамтылған. Сюжеттік бөліктерде КСРО мен АҚШ мемлекеттерінің бірлескен ғарыштық ғылыми-зерттеу «Конвенция» авианоцесінің Тынық мұхиттағы Алеут аралдарынан түстікке таман Владивосток пен Сан-Францисконың қақ ортасында тұрғандығы халықаралық «Демург» бағдарламасы бойынша

американдық және кеңестік ғылыми қызметкерлердің осы кемеде және ортақ «Трамплин» орбитасында ұшып жүрген «Паритет» станциясында жұмыс жүргізуі – бәрі де тарихи кезең шындығын өзіндік көркемдік қиялмен қорыту нәтижесі. Шынында да, XX ғасырдың осы 50-80-жылдарында КСРО-ның ғарыштық ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғарышқа ұшу сапарларының бірқатар бағдарламалары халықаралық байланыстарымен де ерекшеленді.

Романда Халықаралық кеңестік және американдық ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша дипломатиялық, ғылыми, әкімшілік, елшілік жолдармен шешілген осы «Демург» бағдарламасының игерілуі мүмкін нәтижелері Жер планетасы адамдарына пайдалы болып көрінеді.

Атап айтқанда, Икс планетасындағы аса пайдалы кеннің сарқылмас қоры бар екендігінің анықталғаны, Икс планетасы қыртысындағы мол ағын су барлығының, оның адамның өзге планетада өмір сүруінің кепілі, сонымен бірге кен байыту құралы екендігінің белгілі болғаны – бәрі де ғылыми логикалық қисындылығы анықтылығымен баяндалған.

«Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы осы ғарыштық байланыстарға арналған сюжеттегі оқиғаның дамуы барысында жазушы Жер планетасы адамдарының пендешілік мұратына, мақсатына сәйкес келмеуі мүмкін болатын төтенше жағдайды баяндаған:

«Сарыөзек пен Невада космодромдарында Икске жүргізілетін гидротехникалық жұмыстарға соңғы дайындық аяқталып қалғандай. «Трамплин» орбитасы - тұңғыш Икске аттандаруға дайын тұрған.

Түптеп келгенде, қазіргі адамзат өзінің жердегі өзге планеталардағы цивилизациясының тұсаукесер тұсында тұрған.

Дәл осы кезде, гидрологтардың алғашқы тобын Икске аттандыра алдында «Трамплин» орбитасында ұзақ мерзімді саяхатпен жүрген «Паритет» ішіндегі екі паритет-космоновтар із-түзсіз жоғалсын да кетсін...

Олар кенет мерзімді байланыс сеанстарына да, басқа ниетті сигналдарға да тырс етіп жауап бермей қалды. Жағдай қиынға айналды. Станцияның айналып жүрген тұсын меңзейтін сигналдан басқа радио-теледидар байланысы тырс етпей қалды» [2,40-б.]. Бұл – романның идеялық-композициялық желісіндегі негізгі сюжеттік оқиғаларға логикалық көркемдік қиял сабақтастығымен ұласатын жағдай. Романдағы негізгі сюжеттік-композициялық желіні құрайтын Сарыөзек жазығындағы Боранды разъезі. « Соғыстан қайтқалы бері осы разъезде жұмыс істеп келе жатқан «Боранды Едіге» [2,9-б.] осы өлкенің бұрынғы және соңғы, қазіргі тіршілікке қатысты оқиғалар – бәрі де жазушының осы тәсілмен жазған сюжеттік бөліктерімен қосыла өріледі. Оқырманды ойландыру үшін суреткер қолданған бұл тәсілдің қазіргі заманғы әдеби үдерістегі жаңашылдықтың үлгісі екендігі ақиқат. Яғни, жазушы ғарыштық кеңістіктегі планеталарды да, құрлықтарды да, мемлекеттерді мекендейтін алуан дінді, тілді, әрқилы нәсілді адамдар тағдырларында тіршілік қозғалыстарының жүріп жататынын оқырмандардың көз алдарына елестетеді.

Ғарышты игеру бағдарламасы бойынша «Паритет» станциясында отырған екі ел ғарышкерлерінің бөлек галактикадағы Ормантөс планетасы ғалым-ғарышкерлерімен байланыстарды жүзеге асырып, солардың шақыруымен Ормантөс планетасына аттанғандардың ойларын оқимыз. Жер бетіндегі мемлекеттерге бөлінген саяси-идеологиялық, экономикалық қарама-қайшылықтармен қақтығысқан адамдар ортасынан әбден мезі болғандардың ортақ көзқарасымен дараланған сол ғарышкерлердің Ормантөс планетасына аттанып бара жатқандағы қоштасу хаты да жазушы идеясының, көркемдік шешімінің нақты көрсеткіші:

«Біз бимәлім дүниеге аттанып барамыз. Адам баласы қадим заманнан бері өзге ғарыштан өзіне ұқсас жандарды іздеп тауып, ақылға ақыл қосылып, салтанат құруын арман еткен. Бізді де белгісіз әлемге жетектеп алып бара жатқан сол арман. Бірақ сол басқа әлем цивилизациясы қандай? Адамзатқа пайда ма, зиян ба? Мұны әлі ешкім де білмейді. Ал, біз бұған баға беруде әділ болуға ант етеміз. Егер де біз барған планетаның құлқы адамзатқа зиянды болатын болса, онда біз Жер шарында ешқандай қауіп төнбейтіндей әрекет жасауға ант-су ішеміз» [2,46-б.]. Жазушының осы романындағы гуманистік-идеялық желі – адамдардың ата-бабалары, ұрпақтары мекендеп келе жатқан атамекендерді, ата жұрттарды, сол арқылы тұтастай Жер-Ананы сүйген перзенттік махаббат сезімінің әспеттелуі. Романның негізгі басты кейіпкерлері Қазанғаптың да, Едігенің де және олардың отбасыларындағы адамдардың тағдырлары, тұрмыстың тауқыметіне шыдас беріп жүргендері де сол жандарына ұялаған жерді тұрақ еткен адамдық ұстанымдарының мықтылығынан

екендігі ақиқат. Романның құрылысындағы Боранды разъезін мекендеген кейіпкерлер тағдырын оқыған оқырман да бұған иланады:

«Ұлы даланың қатыгездігіне шыдамасаң, «Әттеген-ай, неге келдім?»- десең болды, желкең жүндей түтіліп, жан дүниен жүдеп жүре береді.

...Борандыда өмірлікке өзек байлаған екі-ақ адам болды, бірі – Қазанғап, бірі – осы Боранды Едіге. Басқа келіп-кетіп, жатқандар қаншама! Едіге өзіне-өзі қазы емес, әйтеуір, қайыспағаны ақиқат. Ал Қазанғап осы жерде тапжылмай қырық төрт жыл жұмыс істегенде, басқалардан гөрі ақылы аз болды дейсіз бе?» [2,12-б.]. Ал, бимәлім галактикадағы Ормантөс планетасына аттанып бара жатқан ғарышкерлердің алыс қиырға адамзат атынан бара жатып, қасиетті Жер-Анамен қоштасар сәттегі сезімдерінің шынайылығы оқырманды да тебірендіреді:

«...Біз қоштасамыз. Біз өз станциямыздың иллюминаторларынан Жерді көріп отырмыз. Қап-қара кеңістік әлемінде Жер жарықтық нұрлы бриллианттай жарқырайды. Шіркін-ай, оның жәуді-реген көгілдір көркін сезбей айтып жеткізу қиын, әрі десе бұл арадан Жер – Анамыз еңбегі былқылдаған жас баланың басындай тым нәзік болып көрінеді. Осы арада отырғанда Жер бетіндегі адамдардың бәрі-бәрі бір туған бауырларымыздай болып сезіледі, оларсыз бізге тіршіліктің мәні жоқ. Әттең, Жер бетінде жүргендердің бәрі де осындай сезімде болса ғой. Бірақ олай емес қой» [2,46-б.].

Романның идеялық-көркемдік желісін құрап тұрған өзекті мәселе – адамзат ұрпақтарының бұған дейінгі мыңжылдықтар бойы тайпаларға, руларға, мемлекеттерге бөлініп алып, әрқайсысы өз мүдделері үшін қырқысумен, соғысумен келе жатқандығына тиым болуды аңсау. Ормантөс планетасына барған ғарышкерлердің Жерге жолдаған хаттарынан екі планетаның да географиялық сипатының (таулар, қыркалар, шымқай жасыл желек жамылған төбелер, олардың ара-арасынан өзендер, теңіздер, көлдер...топырақ суырған дауыл... қалалар мен елді мекендер...) [2,77-б.] бар екендігі де айтылады. Романның көркемдік қиял арнасындағы шешіміне орай Ормантөс планетасының адамдары, қоғамдық-мемлекеттік құрылымы туралы фантастикалық сипатты баяндауларға да иланамыз.: «Ал енді ормантөстердің өзіне келетін болса, біздің пайымдауымызша, бұлар Дүние-Әлемдегі ақыл-ойлы жандардың ерекше бір асыл тұқымдылары. Әйелдері баланы Ормантөс айымен есептегенде, он бір ай көтереді. Олардың өздері қоғамның ең басты проблемасы мен өмірдің мәні адам ғұмырын ұзарту деп азсынғанмен, мұндағы адамдар өте ұзақ жасайды. Олар орта есеппен жүз отыз, жүз елу жыл өмір сүреді. Ал, кейбіреулері екі жүз жасты да еңсеріп тастайды. Бұл планетаның халқы он миллиард адамнан асып түседі» [2,78-б.]. «Қанша бір ақжарылқап күн туды десе де, он миллиардтан астам тұрғыны бар планетада қоғамдық өмір тіпті де кем-кетіксіз болмаса керек. Сонда да болса, ең бір ғажап қалатын нәрсе, ормантөстіктер мемлекеттік құрылым дегенді білмейді. Мүмкін, олардың тарихында бұрын соғыс та, мемлекет те, ақша да болған шығар. Соған байланысты, соған орай қоғамдық қатынастар да болған шығар, оны біз біле бермейміз. Бірақ дәл қазіргі кезеңде олардың мемлекет не екенінен, соғыс дегеннің не екенінен хабары жоқ.

...Олардың коллективтік санасының өскені сонша, ормантөстіктер соғыс атаулыны мүлде күрес құралы деп білмейді» [2,80-б.]. Жазушы қиырдағы Орман Төс планетасындағы адамдар туралы жерден барған ғарышкерлердің хаттарындағы адамзат ұрпақтары мәңгі армандап, қиялдап келген тұрмыс болмысын суреттеген. Әлемдік ақыл-ой данышпандарының (Платон, Сократ, Аристотель, Әбунасыр Әл-Фараби, Асан Қайғы, хакім Абай, Томас Мор, Оуэн, Сен-Симон, т.б.) армандаған материалдық және рухани мәдениет салалары, адамдарының дүниетанымы кемелденген қоғамды-ортаны аңсаудың бұл да бір жалғасындай сезіледі. Орман Төс планетасы адамдарының кескін-келбеттерін («Бұл ормантөстіктер қандай ғажап сұлу десеңізші! Және де бір-біріне ұқсамайды. Тіпті шаштары жасыл көгілдір дегеннің араларында қара көгі де, қылаң көгілдір түстілері де кездеседі. Ал қарттарының шашы тура біздің шалдардың шашы құсап ағарады екен. Бұлардың антропологиялық түр тұрпаты да әрқилы, өйткені мұнда да әртүрлі ұлттар, этникалық топтар бар» [2,81-б.].

Роман композициясындағы осы сюжеттік көріністер арқылы эпикалық шығарма арқауына алынған адамдардың қақтығыссыз, қайшылықсыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүру арманын суреткердің өзінше өрнектегенін аңғарамыз. Осы арада Орман Төс планетасы тұрғындарының ізгі ойлары Жер бетіндегі адамдармен ашық байланысқылары, аралас-құралас болғылары келетінін айтады. Адамдары мемлекеттік бөліністерді ақша, дүние-мүлік жөніндегі пиғылдарды күнкөрістік

тауқыметтерді білмейтін ормантөстіктердің тектес, ұқсас болғанмен, өмір сүру психологиясы алақұла, қайшылықты Жер планетасы адамдарымен қарым-қатынастарының жақсы болып кетуі, әрине, мүмкін емес қой. Біқылым замандар бойы құрлықтардағы жеке адамдардың да, тайпалардың-рулардың, мемлекеттердің араларында болып келе жатқан өңірлік, аймақтық, құрлықтық, одан аса келе бүкіл планеталық көлемде болып келе жатқан алапат басқыншылық, шапқыншылық, отаршылдық соғыстардың үздіксіз жалғасып келе жатқаны мәлім. Мыңдаған жылдар бойы осылайша бірін-бірі андумен, қырып-жоюменен келе жатқан Жер планетасы адамдарының мәңгілік бақытты тұрмыс құшағындағы өзге планеталықтармен үйлесіп өмір сүруі мүмкін емсе қой.

Романның негізгі идеялық-композициялық желісіне айрықша поэтикалық ажар беріп тұрған осы сюжеттік бөліктегі Орман Төс планетасына барған Жер ғарышкерлерінің алаңдаған уайымды ойларының шынайылығы анық:

«Мұндай планетаралық кездесуге, біздер, Жер перзенттері дайынбыз ба? Ақыл-ойы саналы жандар ретінде мұндай әрекетке батыл бару үшін пісіп-жетілдік пе екен? Жер бетіндегі қоғамдар бөлек-бөлек өмір сүріп отырған кезде, олар бір-бірімен өзара қарама-қайшы болып тұрған кезде, біз осы алақұлалықтан аттап өтіп, араздасуды, аңдысуды ұмытып, адамзаттың мүддесі үшін бірігіп, бір кісідей болып, бүкіл Жер шарының атынан өкілдік айта алар ма екенбіз. Бақталастықтың жаңа бір дүмпуі қозғалаңдамас үшін, мемлекеттер жалған намыстың жетегінде кетпес үшін бұл мәселенің шешімін Біріккен Ұлттар Ұйымының ықтиярына салуды сіздерден біз жалынышпен өтінеміз. Осы мәселені шешуде мемлекеттер вето правосын – тыйым салу правосын қолданбауын сұраймыз. Бәлкім, тіпті бұл жолы ерекше жағдай ретінде осы правоны жойса да болар еді.

...Жүрекпен ұғыңыздаршы! Біз Дүнин-Әлем қиырынан хабар бердік. Біз бұған дейін ғылымға белгісіз болып келген галактика жүйесінен – Құдірет жарығынан үн қатып тұрмыз. Көгілдір шаш ормантөстіктер -қазіргі аса биік цивилизацияның жасампаздары. Олармен дидарласып, табыссақ – бүкіл адамзат баласының тағдырында орасан зор өзгерістер болмақ. Әлбетте, ең алдымен Жер шарының мүддесін қорғай отырып, біз осындай сұхбаттасуға батылымыз барар ма екен?» [2,82-83-бб.].

Роман сюжетіндегі осы егізделе өрілген сюжеттік бөліктердегі жанама оқиғалардың кейіпкерлерінің хатында айтылған күмәнді ой –шындық. Сюжеттік бөліктердегі оқиғаның шарықтау шегіндегі ғарышкерлер хаттарындағы Жер планетасы адамдарының Орман Төс өркениетімен үйлесуін тілеген ойларының шиеленісті жағдаймен ұласады. КСРО мен АҚШ мемлекеттері және екеуінің жақтастары, пікірлестері әлемінен тұратын пікірталастар талқыға түседі: «Комиссия мүшелері бірнәрсені анық түсінді. Қазіргі адам баласының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, қалыптасып, қанға сіңіп кеткен өз тіршілігі, өз түсінігі, өз мәдениеті бар. Енді мына ғаламат жаңалық сол адамзаттың қадим дүниеден қалыптасқан тіршілігін сұрапыл сынға салғалы тұр. Мұндай сынға түсуге кімнің батылы барады? Жер бетіндегі тіршілік мүлде жойылып кетпесіне кім кепіл? Бөтен планеталықтардың ниеті қандайын кім біледі?» [2,155-б.].

Роман сюжетінің осы шиеленісі сәтінде әртүрлі көзқарастары бір-біріне кереғар екі жақтың келісуі қиын болады, бір-біріне қоқан-лоқы доқ көрсетуге дейін асқынып дүниежүзілік соғыс туындау қаупі қазір де қылаң береді. Ақыры, орбиталды «Паритет» станциясына Бірбасор аталатын комиссиясының қорытынды шешімі жөнелтіледі. Онда Орман Төске барған ғарышкерлер «Паритет» станциясына және Жерге оралуына тиым салынғаны, Орман Төс пен Жер планеталары қоғамдарының даму ерекшеліктерінің сәйкессіздігі негізіне байланысты бастартылатыны мәлімделді. Сонымен бірге, бұрынғы паритет-ғарышкерлердің де, ормантөстіктердің де жер сферасына жақындауына тиым салынатыны, жер планетасы тарапынан мынадай ғарыштық қорғаныс жүйесі құрылатыны ескертілген: «Шет планеталықтардың ұшқыш аппараттарының мүмкін болар шабуылынан қорғану жағдайында Бірбасор шұғыл шаралар қолданып «Құрсау» атты Төтенше транс космостың тәртіп орнатылатынын хабарлайды. Бұл тәртіп бойынша Жер планетасы төңірегіндегі космос кеңістігінде жерді айналдыра робот планеталар құрсауы шаншылады, ракеталар Жер планетасында басқа планеталардан жақындаған кез келген затты, ядролық лазер сәулесімен жоқ қылып жібереді» [2,156-б.].

Бұл – романға арқау болған тарихи кезең шындығының көркем шындықпен өрнектелген көрсеткіші. Жер планетасының құрлықтарын да, ондағы халықтарды да ғасырлар бойы өзгерместен, үздіксіз жалғасып келе жетқан жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның қақтығысқан қайшылықтары ауқымында ғана ұстағысы келетін көркеуде зұлымдыққа оранған қалпында сақтауды

ойлайтындар ғана осылай шешеді. Ғарыштық кеңістікті игеру аясында алпауыт державалардың ондағы жеке озбыр пиғылдылардың шешімдерімен Жер планетасы қазіргі заманда экологиялық дағдарыстарға, апаттарға ұшырады. Әралуан саяси-идеологиялық, экономикалық мүдделердің озбыр жоспарларымен Ғарыш кеңістігіне тынымсыз зымырандар орбиталық станциялар ұшырылғанмен, олардың қайта құлауынан да ұшу сәтіндегі ауаны күйдіруінен де т.б. зардаптарының жер бетіндегі адамдар мен олар өмір сүріп отырған табиғаттағы жанды, жансыз мүшелер азапқа түсуде. Өртүрлі індеттер пайда болып, аңдардың да, құстардың да, төрт түліктің де жойылуы, «Ғасырдан да ұзақ күн» романының соңғы беттеріндегі қайтыс болған Қазанғап қарияны Сарыөзектегі Ана бейітіне жерлеп, енді сол бейіттің сақталуын айту үшін космодром басшылығына жолығуға бара жатқан сәттегі кейіпкер Едігенің хал-ахуалы да ормантөстіктер мен жерліктердің тілтабысуын аңсаған қиялшыл саяхатшы ғарышкерлерге ұқсап кетеді. Бірақ, қазіргі заманғы көзқараста – ғарышты игеруге, өзге планеталықтардан қорғануға арналған десек те, оның зардаптары Жер планетасының тіршілік ырғағын көпе-көрнеу бұзып тұрғаны анық қой. Романның сюжеттік-композициялық шешімін танытатын осы жерінің элеуметтік-экологиялық қасіретті сипаты айқын: «Дәл сол заматта әуе қақ айрылып, дүние дүр сілкініп, жанартау жарылып атқылағандай азан-қазан болды да кетті. Тіпті тұп-тура жанынан, космодром зонасынан аспанға жап-жарық боп көзді қарықтырып, алапат алау жалын тіп-тік шаншыла атылды. Едіге үрейі ұшып жалт берді. Түйе бақырып жіберіп, орнынан атып тұрды. .. Ит байғұс иесінің аяғына келіп тығылды.

Бұл транскосмостық «Құрсау» операциясы бойынша ұшырылған бірінші робот-ракета еді. Сарыөзекте тұп-тура кешкі сағат сегіз болатын. Бірінші ракетаның соңынан ғарышқа екінші, онан соң үшінші ракета, одан соң тағы да кетіп жатты. Жер шарының шаруасында ешнәрсе өзгермес үшін, бәрі де қаз -қалпында қалуы үшін бұл ракеталар қиыр космосқа шығып, Жер шарын айнала қоршап, тұрақты қамал құрмақшы...

Дүние-әлемі жалын боп қайнап, түтін боп қирап, аспан төңкеріліп төбеге түскендей болды... Қарапайым ғана тірі жандар – адам, түйе, ит үшеуі есінен танып, аулаққа безіп барады. Үрейден есі шыққан бейшаралар алапат жалынның жарығына аяусыз жанып бара жатқандай қараңғыдан қайта-қайта жарқ-жүрқ етіп көрініп, бір-бірінен айрылып қалудан қорқып, бірге зытып барады.

Бірақ олар қанша жанталаса қашқанмен бір орында тапжылмай тыпырлағанмен тең еді. Өйткені әрбір жана жарылыстан соң олар әлем өрттің жарығымен айнала қақыраған тажал күрсілдің астында қалды да отырды» [2,20-б.].

Бұл - романның тұтас идеялық желісіндегі көркемдік тұжырым. Яғни, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр басындағы Жер планетасын құрсаулаған экологиялық дағдарыстар, адамдар мен табиғаттағы басқа да тіршілік иелерінің тым-тырақай, сенделіс, қаңғырыс жағдайындағы апаттардың көрінісі.

Қорыта айтқанда, Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» («И дольше века длится день») романы – Жер планетасына ортақ табиғат экологиясының көркем шындықпен, психологиялық тереңдікпен бейнелеген көркем эпикалық туынды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – I-том. – 720 б.
- [2] Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн: Роман, повесть. – Алматы: Атамұра, 2005. – 312 б.

REFERENCES

- [1] Kazakhstan. National encyclopedia. Almaty: Kazakh encyclopedia, 1998. Vol. 1. 720 p. (in Kaz.).
- [2] Aitmatov Sh. Day lasts more than a hundred: Novel. Almaty: Atamura, 2005. 312 p. (in Kaz.).

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА В СЮЖЕТЕ РОМАНА (по роману Чингиза Айтматова «И дольше века длится день»)

А. Шамахова

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: мир, классическая литература, наследие, духовные ценности, казна.

Аннотация. Наследие классической художественной литературы народов мира – сокровищница духовной ценности национальной и общечеловеческой культуры. Художественные произведения прочитаны тысячами и миллионами читателей. Эти произведения читаются на протяжении многих веков и остаются в памяти поколений. Несомненно то, что они влияют на развитие духовных ценностей, эстетическое восприятие художественных реалий и правды жизни.

Поступила 27.01.2015г.